

Aşağıda verilen I ve II numaralı metinleri okuyunuz, metinlerin transkripsiyonunu yapıp Türkiye Türkçesine aktarınız, içerikleri hakkında sınıfta konuşup sorulan sorulara cevap veriniz.

Kaynak:

Agzamova Z., K. Şaymerdenova (2006) Kazak Tili, Almatı.

I

Бірінші қыркүйек — Білім күні

Бүгін бірінші қыркүйек — Білім күні. Бұл оқушылар мен ұстаздар үшін үлкен мейрам, жаңа оқу жылының бастамасы. Міне, біз тоғызыншы сыныпқа келдік. Бұл өте жауапты кезең, өйткені біз биыл алғаш рет мемлекеттік емтихан тапсырамыз. Бізді сынып жетекшіміз Сәуле Ахметқызы қарсы алып, Білім күнімен құттықтады. Біз мұғалімге гүл шоқтарын сыйладық. Мектебіміз жаңарған, көптеген өзгерістер болып, жөндеу жүргізілген. Біздің сынып екінші қабатта, бөлmemіз кең, жарық.

II

Ыбырай жеті жылдық мектепті бітірген соң, туған халқы үшін қызмет етеді. Ең алдымен тілмөш, кейін мектепте мұғалім болып істейді. Ол қазақ балалары үшін мектептер ашты және жаңа мектептер салғызды. Ыбырай педагог, ақын, жазушы болған. Ыбырай Алтынсариннің қай шығармасын алсаң да, балаларды білімге, еңбекке, адалдыққа, іскерлікке шақырады. Ыбырайдың халыққа еңбегі сінді, сондықтан халық оның еңбегін бағалады.